

## **Құқық қорғау мен қорғаныс ведомстволарының бюджет қарыздары бойынша есептеу жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 1829

Құқық қорғау және қорғаныс ведомстволарының жабдықтау кәсіпорындары мен ұйымдарынан алған медициналық жабдықтар мен дәрі-дәрмектер үшін қарыздарын өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

### **1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:**

1995 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Республикалық бюджет пен Ресей Федерациясына төлемдер жасау үшін берілген салық төлемдері мен кредиттер бойынша берешегі бар кәсіпорындар, ұйымдар арасында жалпы сомасы 33381 мың (отыз үш миллион үш жүз сексен бір мың) теңгені бір жолғы есептеу жүргізсін;

қаржыландыру кезінде қосымшада көрсетілген кәсіпорындар мен ұйымдардың алған медициналық жабдықтар мен дәрі-дәрмек үшін берешегі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 12629 мың (он екі миллион алты жүз жиырма тоғыз мың) теңгесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 5268 мың (бес миллион екі жүз алпыс сегіз мың) теңгесі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі Мемлекеттік комитеттің 8630 мың (сегіз миллион алты жүз отыз мың) теңгесі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 6854 мың (алты миллион сегіз жүз елу төрт мың) теңгесі есепке алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі Мемлекеттік комитеті қосымшада көрсетілген кәсіпорындар мен ұйымдардан алған медициналық жабдықтар мен дәрі-дәрмек үшін кредиттік қарыздары, қаржыландыру кезінде бөлінетін бюджет қаржысы есебіне есептесін.

### **3. "Медсантранспоставка" мемлекеттік кәсіпорны, "Медтехника"**

акционерлік қоғамы, "Медсервис" медициналық сақтандыру компаниясы құқық қорғау және қорғаныс ведомстволарының дебиторлық қарыздарын қосымшада көрсетілген сомаларда, республикалық бюджетке төленетін салық төлемдері бойынша және Ресей Федерациясына төлем жасау үшін берілген кредиттер бойынша, кредиттік қарыздарды өтеу есебіне есептейтін болсын.

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1995 жылғы  
21 желтоқсандағы  
N 1829 қаулысына  
қосымша

Ресей Федерациясы берген мемлекеттік кредит және республикалық бюджетке төленетін салық төлемдері бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі берешегінің есебіне құқық қорғау органдары мен қорғаныс ведомстволарына медициналық жабдықтар мен дәрі-дәрмектер берген кәсіпорындар мен ұйымдардың  
Тізбесі

мың теңге

---

Қазақстан Республи.	Қарыз есебіне алынған тауар
Рет қасының Қаржы	_____
министрлігіне	Оның ішінде:
берешегі бар	-----_
беруші кәсіп.	Барлығы Қазақстан Қазақстан Қазақстан Қазақстан
орындардың	Республи. Республи. Республи. Республи.
атауы	қасының қасының қасының қасының
	Қорғаныс Ұлттық Ішкі іс. Мем. шека.
	министр. қауіпсіз. тер ми. раны күзе.
	лігі дік коми. нистр. ту жөнін.
	теті лігі дегі мем.
	лекеттік
	комитеті

---

1	2	3	4	5	6	7
1. "Медтранспостав-						
ка" мемлекеттік						
кәсіпорны	2784	-	-	-	-	2784
оның ішінде:						
Ресей кредитті						
бойынша	2784	-	-	-	-	2784
табыс салығы						

бойынша	-	-	-	-	-
2. "Медтехника" акционерлік қоғамы	7501	3466	619	1021	2395
Оның ішінде:					
Ресей кредиті бойынша	2390	415	-	-	1975
табыс салығы бойынша	5111	3051	619	1021	420
3. "Медсервис" сақтандыру компаниясы	23096	9163	4649	5833	3451
оның ішінде:					
Ресей кредиті бойынша	23096	9163	4649	5833	3451
табыс салығы бойынша	-	-	-	-	-
Барлығы	33381	12629	5268	6854	8630
оның ішінде:					
Ресей кредиті бойынша	28270	9578	4649	5833	8210
табыс салығы бойынша	5111	3051	619	1021	420